

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК Атырау облысы бойынша филиалы



**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА
ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ
АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ**

Тамыз
2024 жыл

Атырау, 2024 жыл

	МАЗМҰНЫ	Бет.
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атырау қаласы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі	4
2.1	Құлсары қаласы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі	8
2.2	Мақат ауданы атмосфералық ауаның ластану жай күйі	10
2.3	Индер ауданы атмосфералық ауаның ластану жай күйі	11
2.4	Жанбай кенті атмосфералық ауаның ластану жай күйі	12
2.5	Ганюшкино кенті атмосфералық ауаның ластану жай күйі.	13
3	Жер үсті суларының сапасының жай-күйі	14
4	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	16
5	Радиациялық жағдай	16
	Қосымша 1	17
	Қосымша 2	25
	Қосымша 3	26
	Қосымша 4	27
	Қосымша 5	29

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылаужелісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМҚ мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Атырау облысы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Атырау қаласының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Атырау облысы экология департаментінің хабарлауынша, Атырау қаласындағы ластанудың негізгі көздері мұнай өңдеу, тасымалдау объектілері болып табылады: "Атырау мұнай өңдеу зауыты", "Теңізшевройл" ЖШС, «НОРТ КАСПИАН ОПЕРЕЙТИНГ КОМПАНИ Н.В.» компаниясы (НКОК), АО Атырау "ЖЫЛУЭЛЕКТРОПОРТАЛЫҒЫ", АО "Ембімұнайгаз", ТОО "WEST DALA" "ВЕСТ ДАЛА" Бұдан басқа, қалада қаланың жел соғатын екі жағында орналасқан өндірістік төгінділерді жинақтауыш екі тоған бар (солтүстік-батыс жағы - "квадратный" жинақтауыш тоғаны және шығыс жағы - "Тухлая балка"). Жинақтағышқа барлық қалалық төгінділер іс жүзінде тазартусыз жүзеге асырылады, нәтижесінде күкіртсутектің негізгі көзі – жинақтағыш қалыптасады, онда органикалық заттардың, оның ішінде мұнай өнімдерінің ыдырау процестері жүреді.

Атырау облысында бірінші санаттағы 74 кәсіпорын бар.

Атырау қаласы, Құлсары қаласы және Мақат ауданы табиғи газбен толық қамтамасыз етілген.

"ҚазТрансГазАймақ" АҚ АӨФ деректеріне сәйкес Атырау қаласы бойынша автономды қазандықтар – 80 030 бірлік, Мақат ауданы бойынша – 1783 бірлік.

2. Атырау қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Атырау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 бекетте сынаман қолмен күшімен алу және 4 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша Атмосфералық ауа мониторингі 16 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) аммиак; 9) күкірт сутегі; 10) озон; 11) фенол; 12) формальдегид; 13) бензол; 14) толуол; 15) этилбензол; 16) ортоксилол.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Тәулігіне 3 мезгіл	қол күшімен алынған сынама (дискреттік әдіс)	Самал ықшам ауданы А.Кекілбаев көшесі 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид, бензол, толуол, этилбензол, ортоксилол (C ₂ H ₆)
5			Құрсай ықшам ауданы Қарабау көшесі 12	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, фенол, аммиак, формальдегид
6	әр 20 минут сайын		Жұлдыз ықшам ауданы 6-шы көше 29	қалқыма бөлшектер РМ-2,5 қалқыма бөлшектер РМ-10, озон

8	үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Сырдария 3 ауданы	қалқыма бөлшектер РМ-10 және РМ-2,5, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	қалқыма бөлшектер РМ-10 және РМ-2,5, азот диоксиді, азот оксиді, озон
10			Атырау қ., Нұрсая ш/а (АРЕС колледжі)	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді

2024 жылғы тамыз айының Атырау қаласының атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Атырау қаласының атмосфералық ауаның ластану деңгейі «**көтеріңкі**», стандарттық индекс СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей) күкірттісутегі бойынша №1 бекет аумағында; ЕЖҚ=28% (өте жоғары деңгей) озон бойынша №8 бекет аумағында бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірттісутегі-2,5 ШЖШм.б., озон (жер үсті қабаты)-2,4 ШЖШм.б., көміртегі оксиді-1,2 ШЖШм.б., қалқыма бөлшектер (шаң)-1,0 ШЖШм.б. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа-бірлік озон бойынша – 4,49 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 2-кестеде көрсетілген.


Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

2 кесте

Қоспа	Орташа шоғыр		Максималды-бірлік шоғыры		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б. асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Атырау қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,04	0,27	0,5	1,0	1,3	1		
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0244	0,70	0,1400	0,9	0,0			
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0249	0,41	0,1500	0,5	0,0			
Күкірт диоксиді	0,012	0,23	0,0700	0,1	0,0			
Көміртегі оксиді	0,33	0,11	6,00	1,2	1,3	1		
Азот диоксиді	0,02	0,40	0,08	0,4	0,0			
Азот оксиді	0,0137	0,23	0,10	0,3	0,0			
Озон (жербеті)	0,1347	4,49	0,3800	2,4	28	621		
Күкіртті сутегі	0,0024		0,0200	2,5	2,6	4		
Фенол	0,002	0,77	0,005	0,5	0,0			
Аммиак	0,020	0,49	0,0100	0,1	0,0			
Формальдегид	0,006	0,56	0,009	0,2	0,0			
Бензол	0,000	0,00	0,000	0,0	0,0			
Толуол	0,000		0,000	0,0	0,0			
Этилбензол	0,000	0,00	0,000	0,0	0,0			
Ортоксилол (C ₂ H ₆)	0,000		0,000	0,0	0,0			

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді



Кестеден көріп отырғанымыздай, Атырау қаласының тамыз айындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2020 жылы «өте жоғары» деңгейге жетсе, 2021, 2022 және 2023 жылдар аралығындағы ауаның ластану көрсеткіші «көтеріңкі» деңгейде болды. Ал 2024 жылы ауаның ластану көрсеткіші «өте жоғары» деңгейге жетті.

Ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны қалқыма бөлшектер (шаң) (1 жағдай), көміртегі оксиді (1 жағдай), озон (621 жағдай), күкірттісутегі (4 жағдай) болып тіркелді.

Ауаның күкірттісутегімен ластануының негізгі көзіне айналған қаланың сол жақ бөлігінде орналасқан, өндірістік төгінділерді жинақтаушы «Тухлая балка» тоғаны мен мұнай өңдеу және тасым алдау өндірістік нысандары өз әсерін тигізуде. Озон концентрациясының жоғарылауына ауа ағындары мен жоғары температура ықпал етеді.

Сонымен қатар, қалқыма бөлшектерінің концентрациясының жоғарылауына, аймақтағы жиі қайталанатын жел екпінінің себебінен, жердің бетінен шаң көтерілуіне ықпал етеді.

Метеорологиялық жағдайы

Атырау облысы жоғарғы қысым аймақтарында болды, айдың басында және ортасында фронтальды бөліктердің өтуімен тұрақсыз ауа-райы болып, өткінші жаңбыр жауды. Шаңды дауыл, найзағай байқалды, жел айдың басында және ортасында екпіні 15-20 м/с қа дейін жетті. Тамыз айында Атырау қаласы бойынша әлсіз жел күші 0-5 м/с соғып осыған байланысты ауа ластануының қолайсыз метеорологиялық жағдайлары *күтілді*.

Экспедициялық бақылаулар деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Атырау облысында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу Атырау қаласы бойынша (3 нүкте) жүргізілді. №1 нүкте-Жұмыскер кенті, Жастар көшесі; №2 нүкте-Атырау вокзалы; №3 нүкте - Қара өзек, қалалық булану тоғаны.

Анықталатын қоспалар: 1) қалқыма бөлшектер РМ-10; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ); 6) қалқыма бөлшектер РМ-2,5; 7) күкірттісутегі; 8) көмірсутек (C₁₂-C₁₉); 9) формальдегид; 10) фенол; 11) метан.

Атырау қаласының ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғыры, көміртегі оксиді бойынша №1 нүкте-Жұмыскер кенті, Жастар көшесі -1,2 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүкте-Атырау вокзалы-1,074 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі бойынша №1 нүкте-Жұмыскер кенті, Жастар көшесі - 2,5 ШЖШ_{м.б.}, №3 нүкте - Қара өзек, қалалық булану тоғаны-1,25 ШЖШ_{м.б.}, формальдегид бойынша №1 нүкте-Жұмыскер кенті, Жастар көшесі - 2,2 ШЖШ_{м.б.}, оксиді №3 нүкте - Қара өзек, қалалық булану тоғаны-2,8 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Басқа анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте

Атырау қаласы атмосфералық ауа сапасын экспедициялық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры.

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі
Қалқыма бөлшектер (РМ-2,5)	0,002	0,013	0,000	0,000	0,004	0,025
Қалқыма бөлшектер (РМ-10)	0,001	0,003	0,000	0,000	0,001	0,005
Көміртегі оксиді	6,0	1,2	5,37	1,074	0,3	0,06
Азот диоксиді	0,125	0,625	0,141	0,705	0,089	0,445
Метан	11		9		5	
Күкірттісутегі	0,02	2,5	0,004	0,5	0,01	1,25
Фенол	0,003	0,3	0,003	0,3	0,003	0,3
Көмірсутек (C ₁₂ -C ₁₉)	0,3	0,005	0,2	0,003	0,3	0,005
Күкірт диоксиді	0,035	0,07	0,03	0,06	0,020	0,040
Формальдегид	0,11	2,2	0,004	0,08	0,14	2,8
Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ)	0,3		0,3		0,2	

2.1 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Құлсары қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стационарлық станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша Атмосфералық ауа мониторингі 8 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: 1) РМ-10 қалқыма бөлшектер; 2) күкірт диоксиді 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) озон; 7) гамма сәулесінің эквивалентті дозасының қуаттылығы (гамма-фон).

3-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

3 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
---------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

7	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Махамбет Өтемісов көшесі, 37А	қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер үсті қабаты), гамма сәулесінің эквивалентті дозасының қуаттылығы (гамма-фон).
---	-------------------------------------	-------------------	-------------------------------	---

2024 жылғы тамыз айының Құлсары қаласындағы атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Құлсары қаласының атмосфералық ауаның ластануы «көтеріңкі», стандарттық индексі СИ=1,2 (көтеріңкі деңгей) болып озон бойынша бағаланды, ең жоғары қайталануы ЕЖҚ= 6%.

Максималды-бірлік шоғырлары озон–1,23 ШЖШм.б. Басқа лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Қо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Қм.б.)		ЕЖҚ %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШм. б. асу еселігі		> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Құлсары қаласы								
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,0029	0,06	0,2112	0,42				
Күкірт диоксиді	0,3096	0,10	2,6461	0,53				
Көміртегі оксиді	0,0058	0,15	0,1023	0,51				
Азот диоксиді	0,0007	0,01	0,0136	0,03				
Азот оксиді	0,1022	3,41	0,1974	1,23				
Озон (жербеті)	0,0000		0,0006	0,075	6	123		
Күкірттісутегі	0,0029	0,06	0,2112	0,42				

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



2.2 Мақат ауданы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Мақат ауданы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы аудан бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады 1) күкірт диоксиді; 2) азот диоксиді; 3) күкірттісутегі; 4) көміртегі оксиді.

3-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

3 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Мақат ауылы, Мақат ауданының Мәдениет үйі, Алаш көшесі, 23	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2024 жылғы тамыз айының Мақат ауданындағы атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Мақат ауданының атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі**, стандарттық индекс **СИ=4,4** (көтеріңкі деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=13%** (көтеріңкі деңгей) болып күкірттісутегі бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірттісутегі бойынша– 4,4 ШЖШм.б.

Орташа-бірлік азот диоксиді бойынша – 2,51 ШЖШо.т. басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Максималды-бірлік шоғыры		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б. асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Мақат ауданы								
Күкірт диоксиді								
Көміртегі оксиді	0,0006	0,01	0,0160	0,0				
Диоксид азота	0,2829	0,09	1,7600	0,4				
Күкірттісутегі	0,1002	2,51	0,1600	0,8	13	280		

2.3 Индер ауданы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Индер ауданы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы аудан бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) азот диоксиді; 3) күкірттісутегі; 4) көміртегі оксиді.

5-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

5 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Индербор ауданы, Индербор Мәдениет үйі, Н. Меңдіғалиев көшесі 47	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2024 жылғы тамыз айының Индербор ауданының атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Индер ауданының атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі**, стандарттық индекс **СИ=4,5** (көтеріңкі деңгей), ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=2%** (көтеріңкі деңгей) болып азот диоксиді бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары бойынша күкірт диоксиді – 2,2 ШЖШм.б., басқаластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа-бірлік азот диоксиді бойынша – 2,3 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттардыңшоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

	Орташа шоғыр (Қо.т.)	Максималды-бірлік шоғыры (Қм.б.)	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны
--	----------------------	----------------------------------	-----	-----------------------------

Қоспа	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б. асу еселігі	%	> ШЖ Ш	>5 Ш Ж Ш	>10 ШЖ Ш
Индер ауданы								
Күкірт диоксиді	0,0119	0,24	0,8000	1,6		2		
Көміртегі оксиді	0,0239	0,01	12,0000	2,4		1		
Диоксид азота	0,0921	2,3	0,9000	4,5	2	48		
Күкірттісутегі	0,0006		0,0032	0,4				

2.4 Жанбай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Жанбай селосы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) азот диоксиді; 3) күкірттісутегі; 4) көміртегі оксиді.

7-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

7 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жанбай кенті, Т.Нысанов көшесі 96 учаскесі	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2024 жылғы тамыз айының Жанбай кенті атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Жанбай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары**, стандарттық индекс **СИ=3,0** (көтеріңкі деңгей), ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=29%** (жоғары деңгей) болып азот диоксиді бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірттісутегі – 2,8 ШЖШм.б., азот диоксиді – 3,0 ШЖШм.б., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа-бірлік азот диоксиді – 4,37 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 8-кестеде көрсетілген.

8-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Қо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Қм.б.)		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШм.б. асу еселігі		> ШЖ Ш	>5 ШЖ Ш	>10 ШЖ Ш
Жанбай кенті								

Күкірт диоксиді	0,0016	0,03	0,1180	0,2				
Көміртегі оксиді	0,3771	0,13	1,7500	0,4				
Диоксид азота	0,1747	4,37	0,6000	3,0	29	628		
Күкірттісутегі	0,0006		0,0226	2,8		7		

2.5 Ганюшкино кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі.

Ганюшкино поселкесі аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) азот диоксиді; 3) күкірттісутегі; 4) көміртегі оксиді.

9-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

9 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Құрманғазы (Ганюшкино) кенті Құрманғазы ауданының Мәдениет үйі, Абай көшесі, 50-үй	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2024 жылғы тамыз айының Ганюшкино кенті атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Ганюшкино кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі**, стандарттық индекс **СИ=3,0** (көтеріңкі деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=18%** (көтеріңкі деңгей) болып азот диоксиді бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірттісутегі – 2,5 ШЖШм.б., азот диоксиді бойынша – 3,0 ШЖШм.б.

Орташа-бірлік азот диоксиді бойынша – 3,41 ШЖШо.т. басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте

Қоспа	Орташа шоғыр (Қо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Қм.б.)		ЕЖ Қ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШм.б. асу еселігі	%	> Ш Ж Ш	>5 Ш Ж Ш	>10 Ш Ж Ш
Ганюшкино кенті								
Күкірт диоксиді	0,0010	0,02	0,0860	0,2				
Көміртегі оксиді	0,0080	0,00	1,0200	0,2				

Диоксид азота	0,1364	3,41	0,6000	3,0	18	400		
Күкірттісутегі	0,0008		0,0200	2,5	1,5	32		

3. Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Атырау қаласы бойынша жер үсті суларының сапасын бақылау 6 су объектісінің (Жайық, Қиғаш, Ембі өзендері, Шаронова арнасы, Перетаска және Яик арналары) 21 тұстамасында жүргізілді.

Теңіз суы сапасына мониторинг жасау Каспий теңізінің **22** жағалаулық нүктеде жүргізіледі: теңіз кеме жүретін су арнасы (2), Жайық өзені қайраңы (5), Волга өзені қайраңы (5), Шалығи шығанағы аралдары станциялары (5), Жанбай кенті (5).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **43** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолып бақылау, температура, қалқыма заттар, мөлдірлігі, түсі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрғақ қалдық, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар мен пестицидтер.*

Атырау облысы аумағындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті және теңіз сулары сапасының жай-күйіне мониторинг 27 тұстамада 4 су объектісінде (Жайық, Қиғаш өзендері, Шаронов ағысында және Каспий теңізінде) жүргізілді. Зерттелетін объектіге судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 81 сынама талданды.

3.1 Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

11 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	өл. бір.	концентрациясы
	Тамыз 2023 ж.	Тамыз 2024 ж.			
Жайық өз.	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	36,8
Перетаска тарм.	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	36,7
Яик тарм.	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	39,4
Қиғаш өз.	нормаланбайды (>5 класс)	4 класс	Магний	мг/дм ³	31,5
Шаронова тарм.	4 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	30,1

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылдың тамыз айымен салыстырғанда жер үсті суларының сапасы Қиғаш өзені жоғары 5 кластан 4 класқа өтті– жақсарды.

Жайық өзені, Перетаска, Яик пен Шаронова тармақтарының жер үсті суларының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Атырау облысы бойынша су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар магний болып табылады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды ластану (ЭЖЛ) жағдайлары

2024 жылғы тамыз айында Атырау облысының аумағында ЖЛ (жоғары ластану) және ЭЖЛ (экстремалды жоғары ластану) жағдайлары тіркелмеді.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша 2-қосымшада көрсетілген.

3.2 Атырау облысы аумағындағы жер үсті мен теңіз суларының гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Жайық өз. Перифитон. Перифитонның бұзылуында диатомдар басым болды. Диатомдар барлық қанаттарда кездеседі. Сапробтың орташа индексі-1,92. Орташа ластанған су.

Зообентос. Зообентос гастроподтармен қамтамасыз етілді. Вудивис бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Су класы - үшінші.

Биотестілеу. Биотестілеу деректері бойынша Жайық өзені бойынша тест-параметр бақылау нүктелерінің жүйелі орналасуында ұсынылды: Дамба кенті - 0%, Атырау қаласы "Атырау су арнасы" КМК төгіндісінен 0,5 км төмен - 0%, Индер кенті "су бекеті тұстамасында" - 0%. Алынған мәліметтер зерттелетін судың сынақ объектісіне уытты әсерінің жоқтығын көрсетеді.

Шаронов тармағы. Перифитон. Перифитонның түрлік құрамы диатомдармен ұсынылған. Сапробтық индексі 2,01 құрады. Судың сапасы-орташа ластанған сулар.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 класына сәйкес келді.

Биотестілеу. Сынақ объектісіне судың жіті уыттылығын анықтау процесінде ағындағы бақылауға (тест - параметр) қатысты өлген дафниялардың пайызы - 0%. Сынақ объектісіне уытты әсер анықталған жоқ.

Қиғаш өз. Перифитон. Перифитонның түрлік құрамы диатомдармен ұсынылған. Сапробтық индексі 1,98 құрады. Судың сапасы-орташа ластанған сулар.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс-5 құрады. Судың сапасы орташа ластанған сулардың 3 класына сәйкес келді.

Биотестілеу. Қиғаш өзені бойынша биотестілеу барысында алынған деректер тест-объектіге уытты әсерінің жоқтығын көрсетті. Зерттелген суда тірі қалған дафниялардың саны 100% құрады. Тест параметрі-0%.

Каспий теңізі. Перифитон. Ластану альгоценозы диатомды балдырларға бай болды. Сапробтық индекстер 1,45-тен 2,22-ге дейін өзгерді. Каспий теңізінің 22 нүктесі бойынша сапробтылықтың орташа индексі 1,88 орташа ластанған суды құрады және 3-класс шегінде қалды.

Зообентос. Бентос бойынша биотикалық индекс - 5 құрады. Судың сапасы 3 - класқа сәйкес келді-орташа ластанған сулар.

Перифитон мен бентос бойынша судың сапасы орташа ластанған сулардың үшінші класына жатады.

Биотестілеу (судың қатты уыттылығын анықтау) (Теңіз кеме жүзетін канал, Жайық өзенінің жағалауы, Волга өзенінің жағалауы, Жанбай кенті, Шалыги шығанағының аралы).

Теңіз суларының сапасы Каспий теңізінің токсикологиялық көрсеткіштері бойынша тірі организмдерге жіті уытты әсер еткен жоқ. Каспий теңізінің тұстамаларындағы тест-параметр 0% - ды құрады.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде токсикологиялық көрсеткіштер бойынша 4-қосымшада көрсетілген.

4. Атырау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Атырау, Ганюшкино, Пешной) алынған жаңбыр суына сынама алумен (4.3-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында 30,33% сульфаттар, 10,99% хлоридтер, 30,41% гидрокорбанаттар, 5,89% натрий иондары, 3,11% калий иондары, 2,45% магний иондары, 15,53% кальций иондары басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Пешной МС – 361,72 мг/л, ең азы Атырау МС 148,33 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 237 (Атырау МС) бастап 592 мкСм/см (Пешной МС) шегінде болды.

Жауын-шашынның қышқылдығы әлсіз сілтілі орта сипатына ие, 7,2-ден (Пешной МС) 7,32-ге (Атырау МС) дейін.


5. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласының 1 автоматты (№7 ЛББ) бекетінде жүргізіледі.

Атырау және Құлсары қалалары бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,09-0,13 мкЗв/сағ (норматив - 5 мкЗв/сағ дейін). Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды. Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді. Атырау қаласында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,7-2,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 2,0 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.


Қосымша 1




Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық және жылжымалы желісінің орналасу сызбасы




Мақат ауданы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



Индер ауданы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы




Ганюшкино поселкесі атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



Жанбай селосы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.



Атырау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

Қазақстан Республикасы қоршаған ортасының жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) туралы 2024 жыл тамыз айы бойынша

Атырау қаласындағы 58 ЖЛ (NCOC компаниясы ақпараты бойынша)

Жоғары ластану - Атырау қаласы										
Қоспа	Күні, Айы, Жылы	Уақыты	Бекет нөмірі	Шоғыр		Жел		Температура, °С	Атмосфералық қысым	ЭРБК себебі
				мг/м ³	ШЖШ-дан асу еселігі	Бағыт, град	Жылдамдық, м/с			
Күкірт сутегі	05.08.2024	07:40	№ 102 Самал (Мақат ауданы, вахта түріндегі Самал кенті)	0.1111	13.8	98 Ш	1.84	23.4	755.7	
Күкірт сутегі	06.08.2024	02:40	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.0907	11.3	145 ОШ	0.61	23	753.4	
		03:00		0.1012	12.7	163 ОШ	0.56	22	753.4	
Күкірт сутегі	07.08.2024	02:00	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.1035	12.9	114 Ш	1.06	26	751.4	
		04:00		0.0895	11.2	129 Ш, ОШ	2.04	26	752.1	
		05:40		0.0912	11.4	139 ОШ	1.78	25	752.2	
		06:40		0.0874	10.9	139 ОШ	1.35	25	752.3	
		07:00		0.1065	13.3	149 ОШ	1.36	25	752.2	
		08:20		0.1130	14.1	140 ОШ	1.41	29	752.4	
		05:00	0.1367	17.1	169 О	0.61	26	751.9		
		05:20	0.1295	16.2	213 О, ОБ	0.88	25	752.2		
		06:20	0.1419	17.7	186 О	0.83	26	752.1		
		06:40	0.1377	17.2	133 Ш, ОШ	0.63	25	751.9		

		07:00		0.1540	19.3	121 Ш	0.58	26	751.7	
		05:40	№ 112 Әкімат (Сәтпаев к-сі, орталық көпір)	0.1627	20.3	159 ОШ		26	754.7	
		06:00		0.1478	18.5	159 ОШ		26	754.6	
		06:20		0.1042	13.0	159 ОШ		26	754.8	
		07:20		№ 113 Авангард (Жеңіс саябағы)	0.0841	10.5	107 Ш	0.85	25	752.1
Күкірт сутегі	09.08. 2024	09:40	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.1094	13.7	134 Ш, ОШ	2.40	28	755.7	
		10:00		0.1043	13.0	133 Ш, ОШ	2.15	27	755.7	
		10:20		0.0843	10.5	142 ОШ	1.63	27	755.6	
Күкірт сутегі	10.08. 2024	03:40	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.0908	11.4	134 Ш, ОШ	0.99	21	755.8	
		05:00		0.1116	14.0	140 ОШ	1.58	21	755.9	
		05:20		0.1397	17.5	138 ОШ	1.31	21	755.9	
		05:40		0.1890	23.6	115 Ш	0.92	21	756.0	
		06:00		0.1006	12.6	61 СШ	1.45	20	756.1	
		08:00		0.1276	16	137 ОШ	1.40	24	756.8	
		08:20		0.2472	30.9	134 Ш, ОШ	1.09	25	756.9	
		08:40		0.2185	27.3	124 Ш	1.50	25	756.9	
		09:00		0.1638	20.5	124 Ш	1.35	26	757.0	
		09:20		0.0965	12.1	141 ОШ	1.78	27	757.0	
		09:40		0.1016	12.7	140	1.91	28	757.0	

						ОШ				
		10:00		0.0853	10.7	139 ОШ	2.12	28	757.1	
		21:40		0.0873	10.9	130 Ш, ОШ	1.14	26	756.5	
		22:00		0.1040	13.0	128 Ш, ОШ	1.08	25	756.7	
		22:20		0.0986	12.3	135 ОШ	1.29	25	756.7	
		04:20	№ 111 Тұрғын қалашық (Заполярная к-сі, Мұнайшылар үйі)	0.1149	14.4	163 ОШ	0.58	22	755.4	
		04:40		0.0805	10.1	161 ОШ	0.52	22	755.4	
		04:40	№ 109 Восток (Махамбет к-сі, Құрманғазы алаңы)	0.0822	10.3	301 Б, СБ	0.95	22	757.2	
		05:00		0.1169	14.6	296 Б, СБ	1.24	22	757.2	
		04:40	№ 112 Әкімат (Сәтпаев к- сі, орталық көпір)	0.1116	14	52 СШ	2.07	22	758.1	
		05:00		0.1441	18.0	52 СШ	2.17	22	758.2	
		05:00	№ 103 Шағала (Смағұлов к-сі, Шағала комплексі)	0.1417	17.7	257 Б	0.74	22	757.1	
		05:20		0.1208	15.1	251 Б, ОБ	0.70	22	757.1	
		08:20	№ 110 Привокзальный (Еркінов к-сі)	0.1006	12.6	275 Б	1.66	24	758.7	
		08:40		0.1056	13.2	279 Б	1.93	25	758.8	
		09:00		0.0950	11.9	278 Б	1.94	25	758.8	
Күкіртті сутегі	11.08 2024	01:00	№ 111 Тұрғын қалашық (Заполярная к-сі, Мұнайшылар үйі)	0.0898	11.2	156 ОШ	0.41	23	756.9	
		01:20		0.0876	11	166 О	0.36	23	756.9	
		02:00	№ 112 Әкімат (Сәтпаев к- сі, орталық көпір)	0.0901	11.3	0.00	0.00	24	759.3	

		02:00	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.1608	20.1	91 Ш, СШ	0.71	22	757.1	
		02:20		0.1572	19.7	88 Ш, СШ	0.74	22	757.1	
		02:40		0.0935	11.7	72 Ш, СШ	0.91	21	757.1	
		03:00	№ 110 Привокзальный (Еркінов к-сі)	0.0831	10.4	261 Б	0.74	23	759.0	
Күкіртті сутегі	29.08. 2024	23:00	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.0859	10.7	320 СБ	0.67	21	765.8	
		23:40	№ 112 Әкімат (Сәтпаев к- сі, орталық көпір)	0.0936	11.7	246 Б, ОБ	0.22	22	767.7	
Күкіртті сутегі	30.08. 2024	00:00	№ 112 Әкімат (Сәтпаев к- сі, орталық көпір)	0.0868	10.9	244 Б, ОБ	0.33	22	767.7	
		23:20	№ 114 Загородная (Атырау-Орал тас жолы)	0.0897	11.2	285 Б, СБ	0.61	23	763.3	

Атырау облысы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Жайық өз.	судың температурасы 20-21,7°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-7,87, суда еріген оттегі – 8-8,3 мг/дм ³ , ОБТ5 –2-2,8 мг/дм ³ , мөлдірлігі-10,8-11,4 см	
өз. Индер ауд.	4 класс	магний – 38,2 мг/дм ³ . Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады
АҚ «Казтрансойл» НПС Индер Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	4 класс	магний – 41,3 мг/дм ³
АҚ «Казтрансойл» НПС Индер Жайық өзенінен 0,5 км төмен	4 класс	магний – 39,7 мг/дм ³
с.Береке Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	4 класс	магний – 39,8 мг/дм ³
с.Береке Жайық өзенінен 0,5 км төмен	4 класс	магний – 36,4 мг/дм ³
Атырау қаласы, 1 км жоғары	4 класс	магний – 38,7 мг/дм ³
Атырау қ, 0.5 км жоғары «Атырау су арнасы» КМК	4 класс	магний – 34 мг/дм ³
Атырау қ, 0.5 км төмен «Атырау су арнасы»КМК	4 класс	магний – 35,2 мг/дм ³
Атырау қаласы, 1 км төмен	4 класс	магний – 33 мг/дм ³
"Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 3 км төмен Курилкино	4 класс	магний – 36,5 мг/дм ³
«Орал-Атырау бекіре зауыты» РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары Курилкино	4 класс	магний – 35,2 мг/дм ³
Дамба кенті	4 класс	магний – 34,5 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Перетаска тармағы	судың температурасы 20,6-21,6°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,8-7,85, суда ерітілген оттегі – 8-8,3 мг/дм ³ , ОБТ5 –2,6-2,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 11-11,2 см	
Ағыстың тармақталуынан 0,5 км төмен Перетаска	4 класс	магний – 38,8 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км жоғары»	4 класс	магний – 31,5 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км төмен»	4 класс	магний – 40 мг/дм ³
Яик тармағы	судың температурасы 20-20,5°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,78-7,84, суда еріген оттегі – 8,1-8,2 мг/дм ³ , ОБТ5 –2,4-2,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі 11,2-11,4см	
Рақуша с. Яик ағысының тармақталуынан 0,5 км төмен	4 класс	магний – 41,9 мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары»	4 класс	магний – 38,8 мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км	4 класс	магний – 37,6 мг/дм ³

ТӨМЕН»		
Шаронова тармағы	судың температурасы 21,8°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегі – 8,3 мг/дм ³ , ОБТ5 -2,8 мг/дм ³ , мөлдірлігі-10,8см	
аул.Ганюшкино, су бекетінің тұсы	4 класс	магний – 30,1 мг/дм ³ . Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Қиғаш өзені	судың температурасы 21,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,86, суда еріген оттегі- 8,1 мг/дм ³ , ОБТ5 -2,7 мг/дм ³ , мөлдірлігі-12,1см, түстілігі-19,4 градус	
аул.Котяевка, су бекетінің тұсы	4 класс	магний – 31,5 мг/дм ³ . Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Солтүстік Каспий	температурасы 21-22,3°C шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші - 7,77-7,89, суда еріген оттегі – 8-8,5мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,1-3,0мг/дм ³ , мөлдірлігі – 10,1-14,8 см, ОХТ – 19,8-24,4мг/дм ³ , қалқыма заттар - 74-99мг/дм ³ , минерализация – 1500-2719мг/дм ³ .	

Қосымша 3

Атырау облысының аумағындағы Каспий теңізінің теңіз сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиентердің атауы	Өлшем бірлігі	Тамыз, 2024 ж
			Солтүстік Каспий
1	Көзбен шолу		
2	Температура	°С	21,7
3	Сутегі көрсеткіші		7,8
4	Еріген оттегі	мг/дм ³	8,2
5	Мөлдірлігі	см	11,7
6	Қалқыма заттар	мг/дм ³	84,7
7	ОБТ5	мг/дм ³	2,5
8	ОХТ	мг/дм ³	21,6
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	193,0
10	Кермектігі	мг/дм ³	10,6
11	Минерализация	мг/дм ³	2127
12	Натрий	мг/дм ³	34,3
13	Калий	мг/дм ³	30,9
14	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	2153
15	Кальций	мг/дм ³	96,9
16	Магний	мг/дм ³	65,2
17	Сульфаттар	мг/дм ³	1411,4
18	Хлоридтер	мг/дм ³	293,7
19	Фосфаттар	мг/дм ³	0,07
20	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,01
21	Нитритті азот	мг/дм ³	0,02
22	Нитратты азот	мг/дм ³	0,03
23	Жалпы темір	мг/дм ³	0,05
24	Тұзды аммоний	мг/дм ³	0,15
25	Қорғасын	мг/дм ³	0,002
26	Мыс	мг/дм ³	0,001
27	Мырыш	мг/дм ³	0,002
28	Жалпы хром	мг/дм ³	0,001

29	Хром (6+)	мг/дм ³	0,001
30	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,02
31	Фенолдар	мг/дм ³	0,001
32	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,02
33	Бор	мг/дм ³	0,097
34	альфа -ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
35	гамма-ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
36	4,4-ДДЕ	мкг/дм ³	0,0
37	4,4-ДДТ	мкг/дм ³	0,0

Қосымша 4

Атырау облысының жер үсті мен теңіз суларының сапасының гидробиологиялық көрсеткіштері (уыттылық) жөнінде ақпарат

№	Су объектісі	Бақылау нүктесі	Бағдарлау нүктесі	Сапроб индексі		Су сапасы	Биотестілеу		
				Перифитон	Бентос		Сынақ параметрі, %	Суды бағалау	
1	Жайық өзені	Дамба кенті		1,91	5	3	0%	Уытты әсер жоқ	
2		Индер ауданы	су бекетінің жармасында	1,68	5	3	0%		
3		Атырау қаласы	«Атырау Су арнасы» КМК тастандыдан 0,5 км төмен	2,19	5	3	0%		
4	Шаронов арнасы	Ганюшкино селосы	су бекетінің жармасында	2,01	5	3	0%		
5	Кигаш озени	Котяевка селосы	су бекетінің жармасында	1,98	5	3	0%		
6	Каспий теңізі	Теңіз кеме қатынасы арнасы	1 ст. кеме қатынасы каналынан 1 км төмен 46°55'11.85"C 51°40'22.69"B	1,66	5	3	0%	Уытты әсер жоқ	
7			2 ст. кеме қатынасы каналынан 6 км төмен 46°50'49.59"C 51°33'38.63"B	2,22	5	3	0%		
8		Жайық өзені		46°48'6.71"C 51°29'38.55"B	1,76	5	3	0%	
9				46°52'34.05"C 51°27'39.87"B	1,6	5	3	0%	
10				46°56'8.07"C 51°23'30.54"B	1,78	5	3	0%	
11				46°54'20.02"C 51°17'18.97"B	1,73	5	3	0%	
12				46°53'5.79"C 51°8'23.56"B	2,12	5	3	0%	
13				Волга өзені		46°22'24.57"C 49°12'47.38"B	2,08	5	3
14		46°15'52.46"C 49°21'16.40"B	2,05			5	3	0%	

15			46°13'7.94"C 49°26'54.14"B	1,61	5	3	0%
16			46°10'30.78"C 49°33'14.54"B	1,95	5	3	0%
17			46°11'30.98"C 49°36'2.32"B	2,11	5	3	0%
18		Жанбай кенті	46°55'46.69"C 50°47'7.10"B	1,7	5	3	0%
19			46°55'24.34"C 50°46'49.64"B	2,06	5	3	0%
20			46°55'2.11"C 50°46'43.50"B	1,97	5	3	0%
21			46°54'32.22"C 50°46'36.09"B	2,12	5	3	0%
22			46°53'58.51"C 50°46'14.87"B	1,80	5	3	0%
23		Шалғы шығанағы аралдары	46°48'25.94"C 51°34'54.08"B	2,02	5	3	0%
24			46°49'26.90"C 51°37'4.85"B	2,11	5	3	0%
25			46°48'52.15"C 51°39'41.97"B	1,94	5	3	0%
26			46°47'1.30"C 51°42'11.94"B	1,80	5	3	0%
27			46°44'2.87"C 51°43'0,92"B	1,45	5	3	0%

Анықтамалық бөлім

Елді – мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары
(ШЖШ)

Наименование примесей	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік класы
	Максималды бір ретгі (ШЖШ _{м.б.})	Орта-тәуліктік (ШЖШ _{о.т.})	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Берилий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртсутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыз №ҚР ДСМ-70 СанЕН)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфералық ауаның ластануы	көрсеткіштер	Айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастырған ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667-2005 БҚ. Өзірлеуге, салуға баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ
РМК «КАЗГИДРОМЕТ» АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
МЕКЕН-ЖАЙ:
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
ТАЛҒАТ БИГЕЛЬДИНОВА 10А
ТЕЛ. 8-(7122)-52-20-96

E MAIL: INFO_ATR@METEO.KZ